«Кентау сервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша III-тоқсанда өткізілген кезекті жиналысы

№4 ХАТТАМА

Кентау қаласы **29.09.2026ж.**

Өткізу орыны:«Кентау сервис» МКК әкімшілік ғимараты
Өткізу уақыты:29.09.2026ж. сағат- 16:00

Жиналыс төрағасы:А.Б.Абдрахманов
Хатшы:Н.А.Тулепова
Қатысқандар: «Кентау сервис» МКК бөлім басшылары.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі»

(2015 жылғы 18 қарашадағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР Заңының 16 бабы);

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтер туралы үлгілік ереже

(ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрығы);

Жиналыс төрағасы «Кентау сервис» МКК директорының м.а. А.Б.Абдрахманов сөз алып, жиналысты ашық деп жариялап, ары қарай комплаенс офицері Н.А.Тулепова жиналысты жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру іс-шараларының жоспары 2026 жылғы 05 қаңтарда «Кентау сервис» МКК директорының келісімімен бекітілген. Жоспарға сәйкес әр тоқсан сайын жиналыс жасалып, мекеме қызметкерлері мен бөлім басшылары арасында түсіндіру және ақпараттандыру жұмыстарының жүргізілуі міндеттелген.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша:
Ішкі құжаттарды әзірлеу және енгізу;
Комплаенс қызметтің құрылымы, дербестігі және ресурстық қамтамасыз етілуі;
Қызметкерлерді оқыту және ақпараттандыру шаралары.
Қосымша – Үлгілік ережені талқылау.

ТЫҢДАЛДЫ:

ҚР 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабы комплаенс-қызметтің құрылуы мен жұмысын регламенттейді. Бұл бапта комплаенс-қызметтің міндеттері ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, оларды басқару және бақылау көзделеді.
Комплаенс офицері 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңының 16-бабына сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілерінде комплаенс-қызметті енгізу міндетті

екенін, оның негізгі мақсаты – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және тәуекелдерді жою екенін түсіндірді. Сонымен қатар, 2023 жылғы 31 наурыздағы №112 бұйрықпен бекітілген Үлгілік ережеге сәйкес комплаенс-қызметтің міндеттері: сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу, мүдделер қақтығысын реттеу, ішкі құжаттарға сараптама жүргізу және қызметкерлер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу екенін жеткізді.Жиналыс барысында «Кентау сервис» МКК қызметкерлеріне қызметтік міндеттерді орындау кезінде заңдылық, адалдық, ашықтық және жауапкершілік қағидаттарын басшылыққа алу қажеттігі ескертілді.

Қорытынды:

Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау және комплаенс-қызметтің жұмысын күшейту қажеттігі атап өтілді. Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып, тиісті шешімдер қабылданды. Бөлім басшылары тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берілді.

Шешім:

1. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабы мен №112 бұйрықпен бекітілген Үлгілік ереже талаптарын қатаң сақтау барлық бөлім басшыларына міндеттелсін.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу бойынша түсіндіру іс-шаралары тоқсан сайын тұрақты түрде жалғастырылсын.
3. Мүдделер қақтығысы және сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жағдайда дереу комплаенс-офицерге хабарлау тәртібі сақталсын.
4. Осы хаттаманың талаптарын өз бөліміндегі қызметкерлерге жеткізу бөлім басшыларына тапсырылсын.
5. Осы шешімдердің орындалуын бақылау комплаенс-офицері Н.А. Тулеповаға жүктелсін.

Жиналыс төрағасы: **А.Б.Абдрахманов**

Хатшы/ комплаенс офицері: **Н.А.Тулепова**